**Банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**
**(2007 жылғы 1 қаңтардағы)**

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

| № | Ұйымның атауы | 01.01.2006 | 01. 01.2007 |
|---|---|---|---|
| 1 | Ипотекалық ұйымдар | 7 | 10 |
| 2 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар | 50 | 16 |
| | **Жиынтығы** | **57** | **26** |

## Ипотекалық ұйымдар

**Активтер.** 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымы активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 51 208,0 млн. теңгеге немесе 68,0%-ға өсіп, 126 554,3 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдары активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 81,7% (103 472,4 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 10,1% (12 783,3 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарда орналастырылған салымдарға –1,3% (1 634,6 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 2,0% (2 550,0 млн. теңге)келіп отыр.

| Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2006 | | 01.01.2007 | | Өсім, (%-бен) |
|---|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | % -бен жиынтығына | млн. теңге | % -бен жиынтығына | |
| Қолма-қол ақша | 21,7 | 0,03 | 115,3 | 0,1 | в 5,3 раза |
| Корреспенденттік шоттар | 464,5 | 0,6 | 1 634,6 | 1,3 | в 3,5 раза |
| Бағалы қағаздар | 2 295,0 | 3,0 | 12 783,3 | 10,1 | в 5,6 раза |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 1 813,1 | 2,4 | 2 550,0 | 2,0 | 40,6 |
| «Кері РЕПО» операциясы | 0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 68 328,1 | 90,7 | 103 472,4 | 81,7 | 51,4 |
| Капиталға және реттелген борыштарға инвестициялар | 0 | 0,0 | 2 752,6 | 2,2 | - |
| Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер | 424,8 | 0,6 | 1 007,5 | 0,8 | в 2,4 раза |
| Басқа активтер | 1 999,10 | 2,6 | 2 238,60 | 1,8 | 12,0 |
| **Барлығы активтер** | **75 346,30** | **100** | **126 554,30** | **100** | 68,0 |

**Кредиттік портфель.** 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 52,8%-ға өсіп, 104 432,9 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 98,6%-тен 93,8%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 1,1%-тен 6,0%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,3%-тен 0,2%-ға дейін кеміді.

| Несие портфелі сапасының динамикасы | 01.01.2006 | | 01.01.2007 | |
|---|---|---|---|---|
| | сумма осн. долга, млн. тенге | в % к итогу | сумма осн. долга, млн. тенге | в % к итогу |
| **Несие портфелі барлығы** | **68 328,1** | **100,0** | **104 432,9** | **100** |
| **Стандартты** | **67 379,2** | **98,6** | **97 922,0** | **93,8** |
| **Күмәнді** | **781,6** | **1,1** | **6 317,0** | **6,0** |
| ***1 санатты күмәнді*** – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 1,4 | 0,0 | 4 797,5 | 4,6 |
| ***2 санатты күмәнді*** – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 552,1 | 0,8 | 762,2 | 0,7 |
| ***3 санатты күмәнді*** –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 0 | 0,0 | 424,9 | 0,4 |
| ***4 санатты күмәнді*** - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 153,1 | 0,2 | 268,4 | 0,3 |
| ***5 санатты күмәнді*** | 75,0 | 0,1 | 64 | 0,1 |
| ***үмітсізі*** | **167,3** | **0,3** | **193,9** | **0,2** |




1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,1%, құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 50,4%, «БТА Ипотека» АҚ - 41,1%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 7,6%.

**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдары міндеттемелердің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап на 36 782,8 млн. теңгеге немесе 59,3 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 98 836,7млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (68,4%-ға) және басқа банктерден алынған заемдардың (28,3 %)-ға) басым болды.

| Ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және | 01.01.06 | 01.01.07 | Өсім, (%-бен) |
|---|---|---|---|

| | млн. теңге | %-бен жиынтығына | млн. теңге | %-бен жиынтығына | |
|---|---|---|---|---|---|
| Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар | 11 558,2 | 18,6 | 27 975,5 | 28,3 | 142,0 |
| Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары | 219 | 0,4 | 0,0 | 0,0 | - |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 48 777,3 | 78,6 | 67 581,5 | 68,4 | 38,6 |
| Басқа кредиторлар | 384,1 | 0,6 | 788,2 | 0,8 | 105,2 |
| Басқа міндеттемелер | 1 115,3 | 1,8 | 2 491,5 | 2,5 | 123,4 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | **62 053,9** | **100** | **98 836,7** | **100** | **59,3** |

**Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.06г. (%)**




**Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.07г. (%)**




**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 қаңтардағы ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 2 344,5 млн. теңге, мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, (2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 1 558,3 млн. теңге) бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда 50,4% -ға көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге составил 15 475,0 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 1 558,3 млн. теңге), шығыстар – 13 130,5 млн. теңге (2006 жылғы 1 қаңтардағы – 6 771,1 млн. теңге) болды.

Млн. теңге

| **Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн.теңге** | **01.01.06** | **01.01.07** | **Өзгерістер (+;-), % -бен** |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | 7 305,7 | 12 101,7 | 65,6 |
| Сыйақы алумен байланысты шығыстар | 3 947,6 | 7 176,4 | 81,8 |
| Сыйақы алумен байланысты емес кірістер | 1 102,9 | 1 175,8 | 6,6 |
| Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар | 1 497,4 | 2 733,9 | 82,6 |

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (73,0% или 11 300,3 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (41,7% или 5 474,8 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 14 425,6 млн. теңгеге немесе 108,5%-ға өсіп , 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 27 717,9 млн. теңгені құрады.

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар**

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың жиынтық активетір 2006 жылдың 170 098,7 млн. теңгеге немесе 32,7 %-ға арта отырып, 690 277,2 млн. теңге болды.

Бұл ретте өзге ұйымдардың құрылымында басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың үлкен үлес алды, басқа заңды тұлғалар - 51,46% (354 533,6 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар – 12,9% (85 595,9 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар 11,8% (81 767,3 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдар - 2,5% (17 480,4 млн. теңге), бағалы қағаздарға 2,0% (13 639,8 млн. теңге) болды.

Млен.теңге

| Қаржы көрсеткіштері | 01.01.2006 | 01.01.2007 | Өсім, %-бен |
|---|---|---|---|
| Активтер, оның ішінде: | 520 178,5 | 690 277,2 | 32,7 |
| Ақша | 24 646,1 | 23 058,9 | -6,4 |
| Салынған салымдар | 13 185,7 | 17 480,4 | 32,6 |
| Бағалы қағаздар | 19 380,9 | 13 639,8 | -29,6 |
| Клиенттерге замедар | 94 425,7 | 81 767,3 | -13,4 |
| Капиталған инвестиция және реттелген борыш | 94 296,9 | 354 533,6 | 3,8 есе |
| Міндеттемелер, оның ішінде | 181 010,5 | 245 302,7 | 35,5 |
| Тартылған салымдар | 359,0 | 180,22 | -49,8 |
| Заемдар және қаржылық жалға алу | 108 999,6 | 147 154,0 | 35,0 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 21 969,6 | 19 424,7 | -11,6 |
| Меншікті капитал | 339 167,9 | 444 974,5 | 31,2 |
| Жарғылық капитал, оның ішінде: | 218 359,4 | 247 170,8 | 13,2 |
| Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын) | 105 961,7 | 94 547,9 | -10,8 |

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзге ұйымдардың жиынтық несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттер үлесі 95,8 %, күмәнді - 4,2%, үмітсіз - 1,1%, сонда 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі - 90,1%, күмәнді - 9,6%, үмітсіз - 0,3%.

Ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 10,9 %-ке кеміп, 100 678,8 млн. теңге болды. 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жеке және заңды тұлғаларына берілген заемдардың жиынтық сомасы 81 767,3 млн. теңге болды. Бұл ретте заемдардың жалпы сомасында үлкен бөлікті ауыл шаруашылық мақсатқа берілген замедар алып отыр, олардың үлесі 35,1% немесе 35 348,2 млн.теңге болды, ал өндірістік мақсатқа - 33,0% (33 261,2 млн. теңге), қызмет көрсету саласында – 3,3% (3 296,5 млн. теңге) болды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап, ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 35,5 %, артты және 245 302,7 млн. теңге болды. Ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында заемдар және қаржылық жалға алу (60,0 %) және шығарылған борыштық бағалы қағаздар (7,9 %) болды.

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі 444 974,5 млн. теңге, ағымдағы жылдың басынан бастап 105 806,5 млн. теңгеге немесе 31,2 %-ға артты.

*Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.*